

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**  
**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2024 жылғы 13 мамырдағы**  
**ҚАУЛЫСЫ**

**1. Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор А.Т.Искакованың " Университеттің халықаралық ынтымақтастық жұмыстарының нәтижелері және даму болашағы" туралы ақпаратын тыңдап және талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор А.Т. Искакованың баяндамасы *назарға алынсын.*
2. Білім беру бағдарламаларын талдау департаментінің директоры А.М. Байдильдинаға: кафедра меңгерушісімен бірлесіп шетелдік әріптес жоғары оқу орындарына сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнын үйлестіру, оларды ESG стандарттары мен ұсынымдарын ескере отырып, Еуропалық және Ұлттық біліктілік жүйелерінің талаптарына сәйкестендіру жұмыстарын жүргізсін (*Орындау мерзімі - бір жыл ішінде*).
3. Foundation деканының м.а. Т.К. Игисниновқа: шетелдік студенттерді тарту және білім беру қызметтерін экспорттау мақсатында, Foundation факультетінің жұмысын жандандырсын, оның Даму стратегиясын, алдағы 3 жылға арналған Маркетингтік жоспарын әзірлесін (*Орындау мерзімі 2024 жылғы 31 мамырға дейін*).
4. Кафедра меңгерушілері Ғылым департаментінің директоры Ө.М. Әбдіғапаровамен бірлесіп:
  - ТОП-500 QS құрамына кіретін жетекші жоғары оқу орындарымен, ҒЗИ-мен коллаборация шеңберінде шетелдік ғалымдардың қатысуымен ғылыми жобалардың үлесін арттырсын (*Орындау мерзімі: оқу жылы ішінде*);
  - университеттің ғылыми-зерттеу зертханалары мен ғылыми орталықтарының жетекші шетелдік ҒЗИ және Орталықтармен ынтымақтастық саласын кеңейту туралы ұсыныстар енгізсін (*Орындау мерзімі: 2024 жылғы 30 мамырға дейін*);
  - әлемдік ғылыми-білім беру қоғамдастығына интеграциялау мақсатында, Scopus және Web of Science дерекқорлары басылымдарында ғылыми мақалаларды жариялауға ықпал ету жұмысын жалғастырсын.
5. Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Б.О. Сапарғалиеваға, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жанбековке, ТЖК директоры А. А. Сабитоваға: кафедра меңгерушілерімен бірлесіп:
  - халықаралық еңбек нарығының талаптарына жауап беретін ТОП-700 QS құрамына кіретін жоғары оқу орындарымен қос дипломдық БББ әзірлеу жұмысын жалғастырсын (*Орындау мерзімі 2024 жылғы 30 қараша*.);
  - 2024-2025 оқу жылына арналған Лотарингия университетінің филиалын ілгерілету бойынша жол картасын және СКИ әзірлесін (*Орындау мерзімі 2024 жылғы 10 маусымға дейін*)
  - халықаралық қорларға (*Erasmus+, Horizon, Дүниежүзілік банк, Азия банкі*) жобалар дайындау үшін, ОПҚ мен қызметкерлерді оқыту бойынша тұрақты консультациялық қолдау көрсетсін және ұйымдастырсын.
  - Шетелдік түлектер қауымдастығын құру бойынша ұсыныстар енгізсін және Қауымдастық қызметінің жоспарын әзірлесін
5. Ректор аппаратының басшысы Ж.Е. Ишпекбаевқа: кадр саясатын интернационалдандыру бойынша ұсыныстар енгізсін (шетелдік мамандар мен ОПҚ шақыру) (*Орындау мерзімі 2024 жылғы 25 тамызға дейін*).
6. Баспасөз қызметінің басшысы Римма Әбдіқадырқызына, Маркетинг бөлімінің басшысы Г. Мусинаға:
  - ҚазҰПУ брендін халықаралық БАҚ-та, сайттарда, QS платформасында ілгерілету бойынша Медиа-жоспар әзірлесін (*Орындау мерзімі: 2024 жылғы 30 маусым*).
  - маркетингтік өнімдерді, ағылшын және басқа (қытай, корей) тілдеріндегі жарнамаларды, ағылшын тіліндегі виртуалды турды, бейне және аудио жарнамаларды, әлеуметтік желілердегі жарнамаларды жасау бойынша ұсыныстар енгізсін (*Орындау мерзімі: 2024 жылғы 30 тамыз*).
7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор А.Т. Искаковаға жүктелсін.

**2. Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдинаның «2024/25 оқу жылына бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша білім алушыларды қабылдау үшін білім беру бағдарламаларын бекіту» туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1.2024/2025 оқу жылына білім алушыларды қабылдауды жүзеге асыру үшін бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі (176 ББ-дан 48 ББТ-ға дейін) бекітілсін. (13.05.2024)
- 2.«Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» ДБ жобасы бойынша әзірленген 7 жаңа білім беру бағдарламаларын Реестрге енгізуді қамтамасыз етілсін (БББЖД, АҚД – мамыр-маусым 2024)
- 3.«Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» ДБ жобасы бойынша әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларын масштабтауға барлық керек жағдайы қамтамасыз етілсін. (БББЖД, АҚД және институттар, тұрақты түрде)
- 4.Жаңа білім беру бағдарламалары бойынша силлабустар мен оқыту контентін әзірлеу бойынша профессор-оқытушылар құрамын оқыту жалғастырылсын. (БББЖД, АҚД және институттар, ПОҚ қысқы және жазғы мектептері)
- 5.«Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» ДБ жобасы бойынша әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларының пәндеріне 2024-Қысқы мектепте оқытылған оқытушылар ғана тіркелуі қамтамасыз етілсін (БББЖД, АҚД және институттар, сәуір-қыркүйек 2024)

3.Цифрлық трансформация департаментінің директоры Н.Б.Мусабаевтың «Университеттің цифрлық платформасын қалыптастыру туралы» баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1.Абай атындағы ҚазҰПУ интеграцияланған ақпараттық «Цифрлық платформа Abai Digital» жүйесін әзірлеу және енгізу туралы ақпарат назарға алынсын;
- 2.Цифрлық трансформация департаменті:
  - білім беру бағдарламаларын енгізу, оқу жоспарларын құрастыру функционалдарын жүзеге асырсын;-студенттердің деректерін (аты-жөні, кодтары, транскриптері) «Универ» ақпараттық жүйесінен Abai Digital цифрлық платформасына көшірсын (маусым 2024);-студенттер мен оқытушылар деректері egov электрондық үкіметтік ақпараттық жүйесінен жүктеу жұмысын жалғастырсын (маусым 2024), -«Қабылдау комиссиясы» (маусым 2024 ж.) және «Жатақхананы тіркелу» (тамыз 2024 ж.) жүйелерін құрастыруды жалғастырсын;
- 3.Білім беру бағдарламаларын талдау департаменті: білім беру бағдарламаларын цифрлық платформаға енгізуді үйлестірсін (шілде, 2024 ж);
- 4.Факультет декандары: цифрлық платформада студенттердің жеке оқу жоспарларын қалыптастыруды қамтамасыз етсін (шілде 2024 ж);
- 5.Маркетинг департаменті: қабылдау науқаны кезінде цифрлық платформаның «Қабылдау комиссиясы» ішкі жүйесін пайдалануды қамтамасыз етсін (2024 жылғы маусым);
- 6.Экономикалық жоспарлау және талдау басқармасы: Google Workspace for Education лицензияларын(маусым 2024) және қабылдау комиссиясының жеке куәлігінен деректерді оқуға арналған бағдарламалық жасақтаманы сатып алу бойынша бюджетке өзгерістер енгізсін (мамыр 2024);
- 7.Цифрлық трансформация департаменті: жаңа оқу жылынан бастап оқу процесінде пайдалану үшін цифрлық платформаны іске қосылуын қамтамасыз етілсін.

4. Өртүрлі.

5. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық істер жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



*[Handwritten signature]*

Б.А.Тілеп

*[Handwritten signature]*

М. А. Абсатова